

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
«Nur Otan» фракциясының  
депутаттары  
С.Ж. Нақпаевқа, Е.Т. Жаңбыршинге

2021 жылғы 25 ақпандағы № ДС-76 сауалға

**Құрметті Сәлімжан Жұмашұлы!**  
**Құрметті Еділ Терекбайұлы!**

Сіздердің атмосфералық ауаның ластануына айтарлықтай үлес қосатын автомобиль шығарындыларына, сондай-ақ автобус парктерін жаңғыртуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 2 мамырдағы Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында экологияны жақсартуға қатысты тапсырмасын орындау үшін Премьер-Министрдің орынбасары Р.В. Склярдың төрағалығымен өткен ведомствоаралық жұмыс тобы аталған қалалардың экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі Жол картасын (бұдан әрі – Жол картасы) әзірледі және бекітті, онда көмірмен жұмыс істейтін жылу-электр өңдеу кәсіпорындарының, жеке сектор үйлері мен автокөліктердің шығарындыларын азайту, ауа айналымының бұзылу қаупін болғызбау, көгалдандыру және т. б. жөніндегі іс-шаралар көзделген.

Жол картасының шеңберінде Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – ИИДМ) техникалық қарап тексерудің жаңа операторларын ашу тәртібін хабарлама беруден рұқсат беруге өзгерту, сондай-ақ көрсетілген операторларға қойылатын талаптарды қатаңдату және техникалық қарап тексеруді жүргізу саласындағы бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейту мәселелерін пысықтауда.

Бұған өз кезегінде, «Жол жүрісі туралы» және «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, сондай-ақ

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне тиісті өзгерістер енгізу арқылы қол жеткізілетін болады.

Сондай-ақ, ИИДМ бұйрығымен конкурстық іріктеу кезінде газмоторлы отынмен жүретін автобустар мен бар тасымалдаушылардың артықшылығы көзделген «Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларына» өзгерістер енгізілді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № 146-ө өкімімен Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен қалалық жолаушылар тасымалын дамыту жөніндегі шаралар кешені бекітілді, онда жергілікті атқарушы органдарды әлеуметтік маңызы бар автобус қатынастарын толыққанды субсидиялауды қамтамасыз етуге міндеттейтін іс-шаралар көзделген.

Елдің автобус парктерін жаңарту мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 271 қаулысымен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің отандық өндірушілер мен экспорттаушыларды қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілді.

Жоспар негізінде 2018–2020 жылдары отандық өндіріс автобустарын сатып алуға жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен 57,2 млрд теңге бөлінді, өңірлерде 1618 автобус сатып алынды, оның ішінде 650-і газ моторлы отынмен, 110-ы электр қозғалтқышымен, сондай-ақ 858-і дизель отынымен жүреді.

Ағымдағы жылы осы бағдарлама шеңберінде 21,5 млрд теңге бөлу, сондай-ақ өңірлерде 236 автобус сатып алу жоспарлануда.

Сонымен қатар, Сауда және интеграция министрлігі жанар-жағармай материалдарын бақылау бойынша жұмыстар жүргізіп жатқанын атап өткен жөн, 2020 жылғы 30 желтоқсанда «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда уәкілетті органға экологиялық стандартқа сәйкестігі тұрғысынан автожанармай құю станцияларында сатылатын отынның сапасын бақылау функцияларын беру көзделген.

Жалпы аталған мәселе Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Р. Скляр**